

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 14 тамыз N 1009

Кәсіпорындардың бюджет алдындағы пайда болған берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының республикалық бюджеттің кірісіне жататын 80 000 000 (сексен миллион) теңге сомасындағы "

Прибор-Алматроникс" ғылыми-техникалық бірлестігінің берешегіне және республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің байланыс бойынша көрсетілген қызметтер үшін "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының алдындағы берешегіне есептеме жүргізу туралы ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Прибор-Алматроникс" ғылыми-техникалық бірлестігінің республикалық бюджетке 80 000 000 (сексен миллион) теңге, оның ішінде герман кредит желісі бойынша 72 000 000 (жетпіс екі миллион) теңге, директивтік кредит бойынша 8 000 000 (сегіз миллион) теңге сомасындағы республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің қосымшаға сәйкес байланыс бойынша көрсетілген қызметтер үшін "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясына берешекті өтеу есебіне есептеме жүргізсін.

3. "Прибор-Алматроникс" ғылыми-техникалық бірлестігі жүргізілген

есептемені ескере отырып, соған "Прибор-Алматроникс" ғылыми-техникалық бірлестігі мен "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының арасында бұрын жасалған шартты сәйкестікке келтірсін.

4. Бюджеттік қарыздар бойынша аталған есептемені 1996 жылға арналған бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 14 тамыздағы
N 1009 қаулысына
қосымша

Байланыс бойынша көрсетілген қызмет үшін
берешектерді есепке алу жүзеге асырылатын
республикалық бюджеттік мекемелердің
ТІЗБЕСІ

Берешектік	
Министрліктер мен ведомстволардың атауы	сомасы, теңге
Қазақстан Республикасының Парламенті	14 630 970
Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі	1 000 000
Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты	41 144 058
Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	247 664
Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы	5 326 920
Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі	15 865
Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	442 996
Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті	1 780 253
Қазақстан Республикасының мәдениет министрлігі	589 228
Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі	25 781
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	3 746 344
Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі	306 746
Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі	301 410
Қазақстан Республикасының Білім министрлігі	213 682
Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті	130 058
Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі	267 637
Қазақстан Республикасының Баға және монополияға	

қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті	1 285 835
Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі	2 552 891
Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті	55 000
Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті	80 428
Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті	94 916
Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі	121 904
Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі	1 323 115
Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті	247 688
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	745 080
Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі	579 934
Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі	2 610 514
Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті	134 083
ЖИЫНТЫҒЫ:	80 000 000